

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағы 8) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2023 жылғы 31 тамыздағы № 26-НҚ нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә.Азимова, судьялар А.Қ.Есендіров, А.Е.Жатқанбаева, А.Қ.Қыдырбаева, Қ.С.Мусин, Б.М.Нұрмұханов, Е.Ж.Сәрсембаев және С.Ф.Уларшев қатысқан құрамда, өтініш субъектілері С.А.Палмағамбетовтің (өкілі – заң консультанты Г.К.Кубжасарованың) және Т.Ж.Шекетовтің,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының өкілі – бас консультант Г.А.Аукашеваның,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының өкілі – бас консультант Б.А.Қайрақбаеваның,

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің өкілі – Аппарат басшысы Ж.С.Ахметовтің,

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілі – бірінші вице-министр А.Ә.Сарбасовтың,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкілі – төраға орынбасары С.С.Мүксимовтің,

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілі – төрағаның бірінші орынбасары Д.М.Малаховтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – вице-министр Б.Ш.Жаксекеованың,

Қазақстан Республикасы Бас прокураторының өкілі – Бас Прокурордың аса маңызды тапсырмалар жөніндегі аға көмекшісі М.Т.Кемаловтың, сарапшы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты Н.В.Гилеваның қатысуымен,

өзінің ашық отырысында С.А.Палмағамбетовтің және Т.Ж.Шекетовтің 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 26-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет туралы заң) 16-бабы 3-тармағы 8) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтініштерін қарады.

Баиядамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы Е.Ж.Сәрсембаевтың хабарламасын тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, Қазақстан Республикасының заңнамасына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

анықтды:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына С.А.Палмағамбетовтің Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының және Мемлекеттік қызмет туралы заңның 16-бабы 3-тармағы 8) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы, сондай-ақ Т.Ж.Шекетовтің Мемлекеттік қызмет туралы заңның нақ сол нормасының конституциялылығын тексеру туралы өтініштері келіп түсті.

Өтініш субъектілерінің пікірі бойынша: сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамның квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуына (Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы);

сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған Республика азаматының мемлекеттік қызметке кіріуіне (Мемлекеттік қызмет туралы заңның 16-бабы 3-тармағының 8) тармақшасы) белгіленген тыйым салулар

еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына; Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуіне конституциялық құқықтарын бұзды; жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттерді жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды деген сот төрелігі қағидалына қайшы келеді (Конституцияның 24-бабының 1-тармағы, 33-бабының 4-тармағы және 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасы), өйткені көрсетілген шектеулер пробациялық бақылау мерзімінің өтуіне байланысты олардың сотталғандығы жойылғанын кейін енгізген.

Осы өтініштер бір нысанаға қатысты болғандықтан «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 49-бабының 2-тармағын басыпшылыққа ала отырып, Конституциялық Сот оларды бір конституциялық іс жүргізуге біріктірді.

Еңбек кодексінің және Мемлекеттік қызмет туралы заңның жоғарыда көрсетілген нормаларының Конституцияға сәйкестігі мәселесін қарау кезінде Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Адамның құқықтары мен бостандықтары Конституцияға сәйкес танылады және оларға кепілдік беріледі, алар өміріке тұмысынан жазылған, абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады (Конституцияның 12-бабының 1 және 2-тармақтары).

Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс, ал оларды шектеуге заң мен сот алдында жұрттың бәрі

тең қағидаты сақталған кезде конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен жол беріледі (Негізгі Заңның 12-бабының 5-тармағы, 14-бабының 1-тармағы және 39-бабының 1-тармағы).

Конституцияда өркімнің еңбек ету бостандығы, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы бекітіледі. Еріксіз еңбекке қымыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі (24-баптың 1-тармағы).

Конституциялық Сот шектеу шараларының негіздері мен шектері Конституцияның 39-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келуге тиіс екенін бірнеше рет атап өтті (2023 жылғы 21 сәуірдегі №11, 2023 жылғы 18 мамырдағы №14-НҚ нормативтік қаулылар және басқалар).

Бұл Негізгі Заңда кепілдік берілген өркімнің еңбек ету бостандығы, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы конституциялық маңызды бар құндылықтарды қорғау мақсатында ғана заңмен шектелуі мүмкін дегенді білдіреді. Бұл ретте мұндай шектеулерге заң алдында жұрттың бәрі тең деген конституциялық ереже және Негізгі Заңнан туындайтын ақылға қонымдылық, мөлшерлестік (пропорционалдылық) өлшемшарттары сақталған кезде жол беріледі. Парламент мұндай шектеулерді заңмен енгізуге, өзгертуге немесе олардың күшін жоюға құқылы, ал құқықтар мен міндеттердегі айырмашылықтарға алып келетін кез келген жіктеу конституциялық нормалардың мазмұнын бұрмаламауға және олардың мәніне нұқсан келтірмеуге тиіс.

2. Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамның квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуына жол бермеу көзделген.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектелуі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері немесе табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар жатады (3-баптың 1-тармағының 31) тармақшасы).

Жария және жеке мүдделерін конституциялық теңгерімін сақтау қажеттігі квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, мемлекеттік ұйымдардың қызметіне қоғам сенімін арттыруға, сондай-ақ еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді саясатын жүргізуге бағытталған құқықтық құралдардың болуына бағыт беріледі.

Заң шығарушы ашпай көрсеткен «квазимемлекеттік сектор» ұғымы отандық экономиканың өдеуір бөлігін құрайтын ұйымдарды қамтиды, оларда басқарушылық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты өзге де функцияларды орындайтын адамдардан басқа, олардың санынан бірнеше өзе алып түсетін, өндірістік және әкімшілік персоналдың жұмыскерлері еңбек қатынастарында тұрады.

Адамның бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауы мемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналасуы кезінде кандидат беделіне сөзсіз әсер ететін мән-жай болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамның квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуына шектеу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған және конституциялық маңызды бар мақсаттарды көздейді. Бұл мақсаттар мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс істеуі, олардың қызметіне қоғамның жоғары сенім білдіруіне негізделген жария құқықтық тәртіпті сақтау және тиісінше қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға жүктелген міндеттерді ойдағыдай шешу қажеттігімен байланысты.

Бұл тұжырым Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың талаптарымен үйлеседі. Мәселен, 2008 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2003 жылғы 31 қазандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында бұл қылмыстың қауіптілік дәрежесін ескере отырып, негізделген кезде әрбір қатысушы мемлекет құқықтық жүйесінің негізгі қағидаларына сай келетін шамада, қылмысы үшін сотталған адамдарды соттың шешімімен өзе кез келген басқа да тиісті құралдар көмегімен өзіннің кіші заңнамасында белгіленген белгілі бір мерзімге бас бостандығынан, жария лауазымды атқару және толық немесе ішінара мемлекет міншігінеді қандай да бір кәсіпорында лауазымды атқару құқығынан айыруға рәсімдер белгілеу мүмкіндігін қарастырады деп белгіленген (30-баптың 7-тармағы). Сонымен қатар, аталған тәсіл 1999 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер туралы 1958 жылғы конвенцияның 1-бабының 2-тармағына сәйкес келеді, онда ерекше талаптарға негізделген белгілі бір жұмысқа қатысты айырмашылық жол бермеушілік немесе артықшылық кемсітушілік болып саналмайды деп бекітілген.

Осылайша, өркімнің еңбек ету бостандығы, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығына заңмен енгізілген шектеу қолданыстағы ұлттық құқықтың құрамдас бөлігі болып табылатын Республиканың халықаралық шарттық

міндеттемелерінен туындайды және тұтастай алғанда Конституцияның ережелеріне қайшы келмейді.

3. Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адам үшін квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасу құқығын шектеу өмір бойына белгіленген шектеу болып табылады. Ол сот үкімімен тікелей байланысты емес, сотталғандықтың жойылуына немесе алып тасталуына және болжамды лауазым бойынша функционалды міндеттердің мазмұнына байланысты емес.

Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасында жауапкершілігі белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін және олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды делінген. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі 1999 жылғы 10 наурыздағы №2/2 нормативтік қаулысында «Конституцияның осы нормасын азаматтардың құқық бұзушылығы үшін заңдық жауапкершілігін реттеу саласына жататын және жауапкершіліктің жаңа түрлерін белгілейтін немесе оны жаңа санкциялар енгізу жолымен күшейтетін, яғни айтқанда, құқық бұзушылық жасаған азаматтардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды деп түсіну керек. Егер құқық бұзушылық жасалғанынан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен жойылатын немесе жұмсартылатын болса, онда жаңа заңның кері күші болыды» деп түсіндірді.

Сонымен қатар, аталған нормативтік қаулыда «Парламенттің қалыптасқан жағдаяттар мен тиімділік принципі негізінде жаңа заңдық нормаларды белгілеуге, оның ішінде – әрдайым өзгеріп отыратын және серімді қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудегі кемшіліктерді жоюға құқығы бар. Парламент қабылдаған заңдар, егер бұл туралы шешім заңның өзінде немесе оны күшіне енгізу туралы қаулыда бекітілген болса, кері күшімен қолданылуы мүмкін» деп атап өтеді.

Өзінің табиғаты бойынша қолданыстағы құқықтық реттеу жүйесінде аталған заң ересінде көзделген өркімнің еңбек ету бостандығы, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығын шектеу тікелей қылмыстық жауаптылық шараларына жатқызылмайды, өйткені ол конституциялық-құқықтық сипатқа ие: ол мемлекеттік ұйымдарда лауазымдарға орналасу үшін құқықтық шеттететін кедергі ретінде заң жүзінде енгізілген.

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке негізгі қауіп-қатерлердің бірі ретінде қарастырылып келеді («Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы) және сондықтан үкімде қосымша жаза ретінде көрсетілмейтін бұл шектеу заңға сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаудың жалпықұқықтық салдары ретінде қолданылады.

Еңбек кодексінің осы нормасын бұлайша түсіну кезінде ол Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына қайшы келмейді және адамның өзге салаларда еңбек қызметінің айналысу құқығын жоймайды.

4. Еңбек кодексінің қаралып отырған нормасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң) ережелерімен тығыз байланысты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңда сыбайлас жемқорлық жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында заныс пайдалану, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу ретінде айқындалады.

Аталған адамдар тобына қатысты активтері мен міндеттемелері туралы, кірістері мен мүлкі туралы декларацияларын тапсыру түріндегі қаржылық бақылау шаралары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер, мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын мінез-құлқың шегі заң жүзінде көзделген.

Бұл ретте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң турғысынан квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы және өзге де шектеулер мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға қатысты ғана айқындалады. Мұндай адамдар деп квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар, атап айтқанда көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адамдар танылады (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңның 1-бабының 2-1) және 4) тармақшалары, 11-бабы 9-тармағының 5) тармақшасы, 13-бабының 2-1-тармағы және 14-бабының 3-тармағы).

Квазимемлекеттік секторда басқарушылық функцияларды жүзеге асырумен байланысты емес өзге де адамдар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қойылатын субъектілерге жатқызылмайды.

Еңбек кодексі азаматтардың квазимемлекеттік

секторға жұмысқа орналасу ерекшеліктерінен басқа, олардың азаматтық қызметке кіру тәртібін де реттейді, азаматтық қызмет деп азаматтық қызметшілердің қазиналық кәсіпорындардың, мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын іске асыруға, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау жөніндегі қосптік қызметті түсініледі (1-баптың 1-тармағының 1 тармақшасы).

Еңбек кодексінің 139-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінен айырмашылығы, бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін барлық лауазымдарға емес, мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындаумен байланысты лауазымдарға ғана жұмысқа орналасу бойынша шектеу көзделеді.

Конституциялық Сот еңбек қатынастары саласындағы құқықтық реттеу, олардың туындау және тоқтатылу тәртібі мен шарттары, құқықтар мен міндеттердегі айырмашылықтарға алып келетін шектеулер мен жіктеу Конституциямен қорғалатын құндылықтардың, жария және жеке мүдделердің теңгерімін қамтамасыз етуге; шектен тыс емес, тек ақылға қонымды, қатаң негізделген шараларды қолдануға; әділдік талаптарына сай келуге; пропорционал, мөлшерлес және конституциялық маңызды бар құндылықтарды қорғау үшін қажет болуға тиіс екенін атап өтеді.

Демек, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамның квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуына шектеу (Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңмен құқықтық өзара байланысты болу үшін көрсетілген ұйымдарда басқарушылық функцияларды орындаумен байланысты лауазымдарға үміткер адамдарға қатысты қолданылады.

5. Өркімнің еңбек ету бостандығы, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығын іске асырудың көрсетілген конституциялық-құқықтық мәні (Конституцияның 24-бабының 1-тармағы) Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқығымен тығыз байланысты. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді (Конституцияның 33-бабының 4-тармағы).

Бұл құқық Қазақстан Республикасының азаматтарына тиесілі, олардың еңбегін реттеу ерекшеліктері Еңбек кодексіне қызметке кірудің, оны өткерудің және тоқтатудың ерекше шарттары мен тәртібін, еңбектің ерекше жағдайларын, еңбекке ақае төлеу шарттарын, сондай-ақ қосымша жемілдіктерді, артықшылықтар мен шектеулерді белгілейтін Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне жүктеледі (Еңбек кодексінің 143-бабы).

Мемлекеттік қызмет туралы заңда осы тәртіп айқындала отырып, өзге де шектеулермен қатар, өтініш субъектілері дау айтып отырған сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған азаматтың мемлекеттік қызметке кіріуіне тыйым салу көзделеді (16-баптың 3-тармағының 8) тармақшасы).

Конституциялық Сот қорытынды шешімдерінде мемлекеттік қызметтің миссиясын, мемлекеттік қызметшілердің ерекше құқықтық мәртебесін, олардың алдына қойылған міндеттердің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, мемлекет азаматтар үшін, кандидаттарға қойылатын талаптарды және тиісті шектеулерді қоса алғанда, мемлекеттік қызметке кіріу және оны өткеру қағидаларын айқындауға құқылы, бұлар мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық сенімін және берілген өкілеттіктердің теріс пайдаланылуына жол бермеуді қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін деп атап өтті.

Белгіленген қағидалар мен шектеулердің бір бөлігі заңмен қорғалатын конституциялық құндылықтарға елеулі қауіп-қатер төндіретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған. Қазақстан Республикасының заңнамасы мемлекеттік билік органдарында, мемлекеттік және өзге де ұйымдарда жұмыс істейтін адамдарға олар жүзеге асыратын жария-құқықтық функцияларды, оларға тиесілі активтердің сипаты мен көлемін және басқа да мән-жайларды ескере отырып, заңнамада көзделген құралдар мен шараларды қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа кешенді қарсы іс-қимыл қажеттігін туындайды.

Мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, мемлекеттік органдар қызметіне сенімді арттыруға бағытталған және құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық және өзге де шаралардан тұрады (Конституциялық Соттың 2023 жылғы 6 наурыздағы №4 және 2023 жылғы 13 маусымдағы №19-НҚ нормативтік қаулылары).

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесінің өзіндік ерекшелігі, ең алдымен, лауазымдық міндеттердің сипатына негізделеді. Заң шығарушы Конституцияның 33 және 61-баптарында бекітілген өз өкілеттігі шеңберінде мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік қасиеттерінің мінсіздігіне және тиісінше жария билікті іске асыруға байланысты олар қабылдайтын шешімдердің заңдылығына азаматтардың күмәнін туғызуға үшін мемлекеттік қызметшілер бегделіне жоғары талаптарды белгілеуе құқылы.

6. Қазақстан Республикасының Конституциясында Парламентке аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, жеке және заңды

тұлғалардың құқық субъектілігін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігін; мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметші негіздеріне қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығару құқығы беріледі (61-баптың 3-тармағы).

Осы нормативтік қаулыда атап өтілгендей, Парламент заңмен шектеулерді енгізуге, өзгертуге не олардың күшін жоюға құқылы, ал құқықтар мен міндеттердегі айырмашылықтарға алып келетін кез келген жіктеу конституциялық нормалардың мазмұнын бұрмаламауға және олардың мәніне нұқсан келтірмеуге тиіс.

Осы тұрғыдан 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – Қылмыстық кодекс) нормаларын одан әрі жетілдіру мүмкіндігі сақталды, онда 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағы, үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген белгілер болған жағдайда төртінші бөлігі), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағы, үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген белгілер болған жағдайда төртінші бөлігі), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағы), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағы), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағы), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағы), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағы) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер сыбайлас жемқорлық қылмыстар деп танылады.

Осы қылмыстарға Қылмыстық кодекстің 11-бабында көзделген қылмыстардың барлық санаттары кіреді және олар мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды (15-таруа) ғана емес, сол сияқты меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (6-таруа), экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды (8-таруа), әскери қылмыстық құқық бұзушылықтарды (18-таруа) қамтиды, олар бойынша қылмыс құрамдары жалпы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңда көрсетілген мақсаттармен және міндеттермен үйлеседі. Соңғысының нормаларында сыбайлас жемқорлық адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заныс пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу ретінде айқындалады.

Сонымен бірге, материалдық құқық нормаларымен сыбайлас жемқорлыққа жатқызылған қылмыстардың жекелеген құрамдарына көрсетілген мақсаттар ғана емес, сонымен бірге басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру де кіреді (мысалы, Қылмыстық кодекстің 369, 370, 450, 451 және 452-баптары). Бұл сотталушының кінәсін оның әрекетінде (әрекетсіздігінде) сыбайлас жемқорлықты құрайтын белгінің болуы тұрғысынан сот тәртібімен даралауға мүмкіндік бермейді, осыған байланысты сыбайлас жемқорлық қылмыстардың тізбесін Сыбайлас ж



(Соңы. Басы 11-бетте)

бермеуді қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін деп атап өтті. Бұл құқықтық ұстанымдар мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретінде әскери қызметке де қатысты, оған кіру де азаматтардың мемлекеттік қызметке қол жеткізу, еңбек ету бостандығы, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқықтарын іске асырумен байланысты (Негізгі Заңның 24-бабының 1-тармағы және 33-бабының 4-тармағы).

Мызғамас конституциялық құндылықтарды қарулы қорғау кез келген жағдайда, оның ішінде өмірі түзеккегі тілген жағдайда да қойылған міндеттерді тиімді шешу мақсатында әскери бөлімшелердің жауынгерлік қабілеттілігінің жоғары деңгейін және тәртіпті қамтамасыз етуді талап етеді. Әскери қызметшілердің конституциялық мандаты бар функцияларды орындауы олардың арнаулы құқықтық мәртебесін алдын ала айқындайды. Бұл мемлекеттік қызметшілердің басқа санаттарымен салыстырғанда оларға жоғары талаптар қою және шектеулер, оның ішінде өздеріне жүктелген жалпы, лауазымдық және арнайы міндеттерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты шектеулер белгілеу мүмкіндігін көздейді. Азаматтар әскери қызметке ерікті түрде кіре отырып, оны өткерудің ерекше жағдайларымен, оларды сақтамағаны үшін жауаптылық шараларымен келіседі және әскери қызметшінің құқықтық жағдайынан туындайтын тыйым салулар мен шектеулерді өзін қабылдайды.

Азаматтардың мемлекеттік қызметке, оның ішінде әскери қызметке және құқық қорғау қызметіне қол жеткізуіне конституциялық құқығы заңдармен ғана және конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана шектеулі мүмкін. Конституциялық Сот бірнеше рет атап өткендей, заң шығарушы мұндай заңдарды қабылдай отырып, конституциялық құқықтар мен бостандықтарын мәнін бұрмаламай және Конституцияда айқындалған мақсаттарға сәйкес келмейтін шектеулерді енгізбей, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің жол берілген конституциялық шегін негізге алуға міндетті. Адам құқықтары мен бостандықтарына кез келген заңнамалық шектеулер заңды түрде негізделген мақсаттарға барабар болуға және әділдік, пропорционалдық және мөлшерлесік талаптарына сай келуі тиіс. Атап айтқанда, әскери қызметке қабылдауға тыйым салулар белгіленген кезде бұл жол берілген бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, оның салдары, мән-жайы, кінәлілік нысаны, жасалу себептері мен жағдайлары, құқық бұзушының жеке басын сипаттайтын мәңгілік және басқа да факторлар ескеріле отырып қамтамасыз етілуі тиіс.

Теріс себептермен әскери қызметті мерзімінен бұрын тоқтату әлеуметтік және өзге де кепілдіктерден айырумен де ұштасады және елеулі жалпыхалықтық салдарға әкелі соғады, осыған байланысты әскери қызметшінің бұлайша жұмыстан шығару үшін кез келген несе, адамның әскери қызмет талаптарына сәйкес келмейтіндігін анық куәландыратын, заңнаманы елеулі бұзушылықтары негіз болуға тиіс. Өтініш нысанына қатысты бұл әскери қызметшінің қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметке болмауы, егер оны бірнеше рет жасаса, әскери қауіпсіздік мүдделеріне елеулі зиян келтіруге алып келе несе алып келуі мүмкін болса (ұрыс қимылда, соғыс уақытында, жұмыс күні кезінде, төтенше жағдай, терроризмге қарсы операция режимі жағдайларында және өзге де жағдайларда жол берілсе), осындай негіз ретінде қарастырылуы мүмкін деп көзделді.

2. Әскери қызмет туралы заң Қазақстан

Республикасы азаматтарының әскери қызметті өткеруі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және оның күші ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық әскери қызметшілерге қолданылады (Кірісі, 4-бап). Ол әскери қызмет және әскери қызметшілер мәртебесінің қағидаттарын, сондай соңғылардың жалпы міндеттерін, оның ішінде Конституцияны және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, жалпыәскери жарғы талаптарын сақтау, тәртіпті, қырағы болу міндеттерін және басқа да міндеттерді белгілейді (3-бап, 7-баптың 1-тармағының 1) және 5) тармақшалары).

Әскери қызмет туралы заңның дау айтылып отырған нормасы оның әскери қызметшінің теріс себептермен әскери қызметтен шығару жағдайларын айқындайтын өзге де ережелерімен (26-баптың 2-тармағы) тығыз байланысты. Заңның 26-бабы 2-тармағының Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органының немесе ішкі істер органының әскери қызметшісінің қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметке болмауы сияқты негізді қамтыған 8) тармақшасын қоспағанда, бұлар барлық әскери қызметшілерге қатысты болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы №124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларына сәйкес әскери қызметшілерді осындай теріс себеппен әскери қызметтен шығару қызметтік тергеу-тексеру қорытындысы негізінде жүргізіледі. Әскери қызметтен шығарылған адамдар қызметтен шығару туралы шешімге жоғары тұрған қолбасшылық алдында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіптен сотта шағым жасауға құқылы (168-тармақтың 8) тармақшасы, 172-тармақ).

Келтірілген ережелерден осы тәртіп бұзушылық қызметі азаматтардың әскери қызмет өткеруімен байланысты түрлі мемлекеттік органдарда әскери қызметшілерді әртүрлі жауаптылық шараларына әкелі соғатынын шығады. Аталған мемлекеттік органдарда ол өзге мән-жайларға (салдарға, жағдайларға және басқаларға) қарамастан, бір рет қана бұзу фактісі анықталған кезде тоқтатылады. Мұндай іс-әрекеттің құқықтық саралануының және одан туындайтын салдарының да айырмашылығы болады. Мәселен, Қорғаныс министрілігі әскери қызметшісінің қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметке болмауы жұмыстан шығару үшін теріс себеп деп танылатын дербес негіз ретінде көзделмеген және тиісінше әскери лауазымдарға қайта орналасуына келергі келтірмейді, заңдарда көзделген басқа да жалпыхалықтық салдарға әкелі соқпайды. Осылайша мемлекеттік қызметтің бір түрі шеңберінде ұсақ әскери тәртіп бұзушылықтың түрліше саралануы қызмет орнына (органына) қарай әскери қызметшілерді әртүрлі жауаптылық шараларына алып келеді және бірдей емес салдарға әкелі соғады. Жұмыстан шығару негіздерінің және олармен байланысты шектеулердің мұндай жіктелуінде объективті және ақылға қонымды негіздеме жоқ, әскери қызметтің жалпы қағидаттарына сәйкес келмейді және заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең екенін (Конституцияның 14 және 39-баптары) бұзуға алғышарттар жасайды.

Жұмыскердің (қызметкердің) қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз жұмыста (қызметте) болмау фактісін анықтау бір жұмыс күні немесе жұмыс ауысымы шеңберінде жүзеге асырылатын басқа заңдардан (2015 жылғы 23 қарашаданғы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы, Құқық қорғау туралы заңның 80-бабы 1-тармағының 19) тармақшасы) айырмашылығы Әскери қызмет туралы заңда

мұндай кезек көрсетілмеген. Әскери қызметшілер түрлі жағдайларда – әскери қызмет өткерудің барлық уақыты ішінде де (мысалы, мерзімді әскери қызмет кезінде, әскери жинарлар бар-барында), күн тәртібімен белгіленген қызмет уақыты ішінде әскери бөлімнің аумағында болған жағдайларда да әскери қызмет міндеттерін орындауда болды деп есептеледі (5-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы). Заңда әскери қызметшінің уақытша (бір жұмыс күні ішінде немесе қатарынан) болмауы белгіленетін жалпы уақыт аралығы көрсетіле, әскери қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, құқық қолдану практикасында құқықтық норманы түрліше түсінуге жол береді. Конституциялық Сот заң заңдық тұрғыдан дәлме-дәл талаптарына сәйкес келуге және салдары болжаулы болуға тиіс, яғни оның нормалары жеткілікті дәрежеде анық тұжырымдалуға және өзінше интерпретациялау мүмкіндігіне жол бермейтін түсінікті өлшемшарттарға негізделуге тиіс дегенге назар аударды (2023 жылғы 18 мамырдағы №14-НҚ нормативтік қаулысы және басқалар).

Әскери қызметшілер қылмыстар, теріс қылықтар және өзге де құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылыққа болады. Әскери қызметшінің қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметке болмауы мән-жайларға қарай тәртіптік немесе қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралануы мүмкін (2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 441 – 449-баптары).

Конституциялық Сот түсіндіргендей, ұқсас немесе бірдей іс-әрекеттер үшін жауаптылықтың салааралық жіктелуі қылмыстық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және өзге де ықпал ету шаралары, олардың салдарының сипаты мен қатаңдығы жасаған құқық бұзушылық ауырлығына сәйкес келуге, әділдік, мөлшерлесік және нысана тұрғысынан өзара байланысты, әртүрлі салаға тиесілі нормалардың өзара үйлесімділік талаптарына сай келуге тиіс дегенге де негізделеді, бұл Конституцияның 39-бабының ережелерін туындайды (2023 жылғы 6 наурыздағы №4 нормативтік қаулы).

Бұрын қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметінде болмағаны үшін одан шығарылған адамдарға әскери қызметке кіруге мерзімсіз тыйым салуды белгілеуге бөлінген Әскери қызмет туралы заңның 38-бабы 2-тармағының 11) тармақшасы аталған талаптарға сай келмейді. Талдау көрсеткендей, әскери қызметшінің дәлелді себепсіз қызметке болмауынан көрінген қылмыстық теріс қылықтар жасауы оны жұмыстан шығаруға негіз болып табылмайды, өйткені қылмыс жасағаны үшін соттың айыпталу үкімін заңды күшіне енуі (26-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы) мұндайға негіз деп танылады. Бұдан басқа, келісімшарт бойынша әскери қызметке сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырылған адам, сондай-ақ қызметке кіруге алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін өзіне қатысты соттың айыпталу үкімі шыққан немесе қызметке кіруге алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлімінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған адам қабылданбайды (38-баптың 2-тармағының 3) және 10) тармақшалары). Бұл белгілі бір кезек өткеннен кейін Әскери қызмет туралы заң әскери және өзге де қылмыстық теріс қылықтар жасаған адамдардың әскери қызметке қайта кіруіне жол бертетін биліреді (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 443-бабының бірінші бөлігі және басқалар).

3. Құқық қорғау қызметі – құқық қорғау

органдары лауазымдарындағы мемлекеттік қызметтің ерекше түрі, сондай-ақ өзге де жағдайлардағы қызмет (Құқық қорғау қызметі туралы заңның 1-бабының 6) тармақшасы). Ол жария-құқықтық сипатқа ие және конституциялық мандаты бар міндеттерді шешуге бағытталған.

Құқық қорғау қызметінің қызметшілерге қойылатын талаптар, кіру және өткеру шарттары, қолданылатын құралдар және басқа да белгілер бойынша әскери қызметпен көптеген ортақ ұқсастықтары бар. Мемлекеттік қызметтің осы түрлерінің өзара тығыз байланысы мен жақындығын назарға ала отырып, қолданыстағы заңнамада соңғы жылдары құқық қорғау қызметі мен әскери қызметтің кейбір ортақ мәселелерін құқықтық реттеуді ақылға қонымды етіп біріздендіру, қызметкерлерге (қызметшілерге) белгілі бір қағидаларды, тыйым салулар мен шектеулерді қолданудың әмбебап тәсілдерін енгізу қаралауы.

Құқық қорғау қызметі туралы заңда құқық қорғау қызметін өткеру кезінде қызметкерлер Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын, құқық қорғау органдарының қызметінде маньзы рөл атқаратын қызметтік және еңбек тәртібін сақтауға міндетті екендігі бекітілген (16-баптың 1-тармағының 1) және 5) тармақшалары).

Қызметкердің құқық қорғау қызметінен шығару негіздерінің бірі – оның бір жұмыс күні ішінде қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметке болмауы. Бұл ретте әскери қызметтен (арнаулы мемлекеттік органдар мен ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне қатысты) және арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен айырмашылығы, бұл теріс себеп деп танылмайды және тиісінше құқық қорғау қызметінде лауазымдарға орналасуға немесе әскери қызметке кіруге келергі келтірмейді (Құқық қорғау қызметі туралы заңның 6-бабы 2-тармағының 9) тармақшасы, 80-бабы 1-тармағының 19) тармақшасы және 3-тармағы, Әскери қызмет туралы заңның 38-бабы 2-тармағының 11) тармақшасы).

Әскери қызметшінің қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметке болмауы сияқты негіз бойынша әскери қызметті тоқтату кейіннен адамды құқық қорғау қызметіне жіберу кезінде ескерілуі мүмкін. Мысалы, азамат осындай негізбен жұмыстан шығарылғаннан кейін үш жыл өткен соң мемлекеттік қызметке кіруге құқылы («Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашаданғы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 14) тармақшасы). Алайда, осыған байланысты шектеулер өзара үйлесімді және Конституцияның 39-бабы 1-тармағының талаптарына сай келуге тиіс.

Конституциялық Сот құқық қорғау қызметі және әскери қызмет туралы қолданыстағы заңнамада белгіленген, қызметкердің (қызметшінің) дәлелді себепсіз уақытша болмауынан көрінген қызметтік тәртіпті ұқсас бұзушылықтарға сипаты мен салдары бойынша айырмашылығы болатын теріс қылықтар (теріс себеп немесе ондай емес) ретінде баға беру тәсілдері объективті түрде ақталмайды, мемлекеттік қызметтің сол бір немесе ұқсас түрлерін атқаратын адамдардың құқықтарында негізсіз айырмашылықтар туғызсады, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу бойынша бастапқыда қойылған конституциялық мандаты бар мақсаттарға қол жеткізуге әкелмейді деп пайымдайды.

4. Әскери қызмет туралы заңның 38-бабы 2-тармағының аталған адамдарға әскери қызметке кіруге (үш жылдың орнына) мерзімсіз тыйым салу енгізілген 11) тармақшасы қолданылып жүрген редакцияда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы

13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан өрі – Заң) жазылған. Осы Заңның қолданысқа енгізу тәртібін реттейтін оның 2-бабында жаңа талаштың кері күші туралы ережелер көзделмеген.

Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 10 наурыздағы №2/2 нормативтік қаулысында Парламент қабылдаған заңдар, егер бұл туралы шешім заңның өзінде немесе оны қолданысқа енгізу туралы қаулыда бекітілген болса, кері күшімен қолданылуы мүмкін деп түсіндіріледі. Бұдан басқа, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында нормативтік құқықтық актінің немесе оның бір бөлігінің кері күші оның өзінде немесе нормативтік құқықтық актінің қолданысқа енгізу туралы актіде көзделген, сондай-ақ кейінгігі азаматтарға жүктелген міндеттерді алып тастайтын немесе олардың жағдайын жақсартатын жағдайларды қоспағанда, нормативтік құқықтық актінің күші ол қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылмайды. Азаматтарға жаңа міндеттерді жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлатын заңдардың кері күші болмайды деп белгіленген (43-бап).

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын және 74-бабының 3-тармағын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашаданғы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55 – 58, 62, 64-баптарын және 65-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 2-тармағының 8) тармақшасымен өзара байланысты болу үшін қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметке болмағаны үшін әскери қызметтен шығарылған адамдардың әскери қызметке және құқық қорғау қызметіне кіруіне мерзімсіз тыйым салуды белгілеу бөлігінде «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабы 2-тармағының 11) тармақшасы және «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 9) тармақшасы осы құқықтық шектеудің мөлшерлесіктігінің болмауына байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы нормативтік қаулы жарияланғаннан кейін алты айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Қазақстан Республикасының заңнамасын Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының осы нормативтік қаулыда жазылған құқықтық ұстанымдарына сәйкес келтіруге бағытталған заң жобасын енгізісін.

Қолданылған шаралар туралы көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына ақпарат берсін.

3. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

4. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді басапас басылымдарында, құқықтық акпараттың бірінші жауысында және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында казак және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

ӨЗЕКПІ

«Хиджаб дауын» дәстүр шешеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дегенмен қоғамда діни нормаларды басшылыққа алатын діндар адамдар да бар. Бұл – олардың құқығы. Осыған орай хиджаб тағып мектепке бару мәселесінде зайырлы заңдар мен діни нормалар арасында қайшылық туындап қалып жатыр. Айта кетейік, елімізде 18 діни конфессияның өкілдері өмір сүреді. Олардың да өз діни заңдары бар. Сондықтан біз бір конфессия өкілдеріне басымдық беріп, екіншісіне бермей, қоғамдық әділетсіздікке жол аша алмаймыз. Бұдан шығатын қорытынды, ең алдымен, әрбір адам құқықтық, зайырлы мемлекеттік заңдарын басшылыққа алуымыз керек, – дейді сарапшы.

Оның айтуынша, діни киім тек мектептің ішінде тыйым салынады, ал сыртта кез келген адам өз дінінің талабы бойынша киіне алады. Сонымен қатар мектептен тыс уақытта баланың діни мекемелерге барып, рухани білім алуына шектеу қойылмаған. «Ал мектеп – балаға ешбір дінің немесе ұлттың идеологиясынан тыс, зайырлы және ғылыми тұрғыда ғана жан-жақты білім берілетін орын екенін ұмытпайық. Ол жерде біркелкі мектеп формасы сақталуы керек. Бұл – ең сандарлы ұстаным деп санаймын», деді Гүлназ Раздық.

«Қазақстан заңгерлер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Серік Беркамалов зайырлы мемлекет дегеніміз – біреулер айтып жүргендей «құдайсыз қоғамды» білдірмейтінін, сонымен бірге елдегі барлық конфессияның теңдігін сақтайтын тұжырымдама екенін айтады. Оның пікірінше, әр баланың сапалы білім алуға бірдей құқығы болуымен қатар, олардың діни ұстанымдарына қатысты да бірдей қатынас болуға тиіс. Яғни бір бала екіншісінен діни белгілері бойынша ерекшеленбеуі қажет.

– Біріншіден, осы мақсатта елімізде мектептерде біркелкі форма енгізілді. Өркімнің материалдық жағдайы әртүрлі болатыны белгілі. Біреулер ауқатты, екіншілері орташа болуы мүмкін. Егер әр бала өзінің жағдайына сай киінетін болса, олардың арасында жікке бөліну жағдайы туындауы мүмкін. Сол секілді хиджаб тағу немесе тақпау белгілері бойынша да кейбір оқушылар көпшіліктен

ерекшеленіп тұрса, бұл олардың арасында бірін-бірі келеке қылу, буллинг оқиғаларына алып келуі ғажап емес. Екіншіден, бастауыш мектептің 6-7 жастағы оқушысының діни киім киюі қаншалықты ақылға сыйымды? Ата-анасы нәліктен оларды хиджаб секілді киіммен орайды? Иә, олар балаларын өз дінінің нормаларымен тәрбиелесін, бірақ балиғатқа толмаған балаларын басқалардан ерекшелеп, діни киім киізуі дұрыс емес. «Менің балам хиджаб тағады немесе мектепке мүлдем бармайды» деу – тікелей заң бұзу. Тіпті исламның өзінде балаға балиғат жасына толғаннан кейін ғана намаз, ораза, орамал тағу парыз. Қарап отырсаңыз, дінің өзі жеткіншектің белгілі бір ақыл тоқтатайтын жасқа жетуін дұрыс деп отыр, – дейді заңгер.

Зайырлық қағидаттарына сәйкес діни нормалары мен тәжірибесі азаматтық заң нормаларына қайшы келмеуі керектігіне тік еткен заңгер «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда ислам дінінің ханафи мәзаһы және христиан дінінің православиелік бағытының қоғам өміріндегі тарихи маңызды рөлді атап көрсетілгеніне қарамастан, еліміз өзінің

зайырлық бағытынан ажырамағанын айтты. «Бұл жерде аталған заңда ел халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерге құрмет білдіретінін һәм азаматтардың діни нанымдарын сыйлауын маңыздылығы, конфессиялар арасындағы келісімнің басты назарда болатыны да жазылған. Қоғамның сана-санын, дін жайлы түсінігін өзгерту – көп уақыт алатын үдеріс. Мен философия және теология ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетайдың «Еліміз зайырлы құқықтық ұстанымнан айырылуы керек. Зайырлы дегеніміз – озық, толерантты, ашық қоғам» деген сөзімен толықтай келісемін», деді сарапшы.

Сарапшылар мен мамандардың пікірі, ең алдымен, зайырлы елдің заңдарын басшылыққа алу керек дегенге сайып отыр. Дегенмен жыл сайын «хиджаб дауы» бекерге көтеріліп отырмағаны да белгілі. Себебі – дін осын талап етеді. Нақтырақ айтқанда, балиғат жасына толғанда қыз баласына өз үйінен тыс жердің бөрінде орамал тарту және жабық киіну міндеттелінеді. Осы жерде өзгінді де өлтірмейтіндей, арбаны да сындырмайтындай бір оңтайлы шешім болу керек екені

ақиқат. Біз осы сұрақты ҚМДБ Ғұламалар Кеңесінің мүшесі, исламтанушы Мұхан Исаханға қойдық. Ол балиғат жасына толмай жатып кішкене балдырғандарын хиджабқа орап қоятын ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу және орамал дауын біржолата тоқтату үшін бірқатар ұсынысын жеткізді. Соның біріншісі – балиғат жасын арнайы пәтуамен бекіту.

«Діннің дәлелдерін, сондай-ақ медициналық тексерулерді негізге ала отырып, еліміздегі орташа балиғатқа толатын жасты анықтап, соны пәтуамен бекіту керек. Ол 13 жас па немесе 15 жас бола ма, нақты бір жеке көрсетілуі керек. Бұл бастауыш мектепте оқитын қыздарына хиджаб тақтарытын ата-аналар мектептің ішкі тәртібін тыңдамайтын болса, діни тұрғыда да жауап беру үшін қажет нәрсесі.

Екінші ұсыныс – бізде ұлдар мен қыздар білім алатын діни медресе-қолледждер бар. Бұлар Оқу-ағарту министрлігіне тіркелген ресми оқу орындары. Ол жерге талапкерлер басқа да зайырлы білім орындары секілді 9-сыныптан кейін қабылданады. Хиджаб таққысы келетін қыз балалар да осы оқу орындарына түсулеріне болады. Бірақ бір айта кетерлігі, қыздар медресесінің барлығы еліміздің онтүстік жағында орналасқан. Сондықтан еліміздің солтүстік, шығыс аумақтарынан да қыздар оқитын ресми медресе-қолледждер ашу жағын ойластыру керек.

Үшінші ұсыныс – ешбір тарапты ренжітпейтін шешімдердің бірі – мектеп формасына ешқандай діни белгі бермей-ақ ұзын етекті форманы да бекіту керек. Сонымен қатар кейбір елдердегі секілді қыздар үшін «вандамка» секілді бас киім түрін тартуға рұқсат берілгені дұрыс. Бірақ барлығы да бір стильде, бір түсте болуы керек. Қалаған адам ұзын етек киіп, басына заманға сай сәнді киімді кие, оған ешкімнің қарсылығы болмайды деп санаймын.

Төртінші ұсыныс – қазіргі күні елімізде жекеменшік мектептер көптеп ашылып жатыр. Солардың қатарында тек қыздар білім алатын мектептер ашылса құба-құп. Ол жерде жұмыс істейтін мұғалімдер, күзетшілер, басқа да қызметкердің бәрі әйелдер болса, орамал тағатын қыз мектепке кіргеннен кейін оны шешіп қоя алады. Өйткені дінде

әйелдер бір-бірінің алдында жалаңбас жүрулеріне рұқсат. Егер осы айтылған мәселелер шешімін тауып жатса, орамал дауын біржолата тоқтатуға мүмкіндік туады деген сенімдемін», дейді Мұхан Исакан.

Дінтанушы, философия ғылымдарының кандидаты Жалғас Сандыбаев қоғамда «хиджаб дауының» қозуына себепші болып отырған тағы бір себепті айтты. Ол – «хиджаб» сөзі. Біздіңше, «хиджаб» деген бір басқа, «орамал» деген бір басқа. Өйткені араб тілінен соңғы жылдары енген тансық сөздің өзі адамдарды теріс ойға жетелеуі мүмкін